



«Бекітемін»

Көлік колледжінің директоры
А.С.Нугымаров

« 09 » 2021 ж.

«Бастауыш оқытушы мектебінің» ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

Оқытушылық қызметін жаңадан бастаған жас мамандардың педагогикалық және кәсіби шеберлігін өсіріп, оқу-тәрбие үрдісінде қажетті көмек көрсету үшін, Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңына сәйкес колледжде «Бастауыш оқытушы мектебі» ұйымдастырылады.

«Бастауыш оқытушылар мектебінің» міндеті:

1. Педагогикалық білімінің өсу көрсеткіші.
2. Кәсіби қызметінде қазіргі педагогикалық технологияларды зерттеу және қолдану. Әдістемелер, оқыту мен тәрбие берудегі ұтымды әдіс-тәсілдері.
3. Педагогикалық шеберлігінің көрсеткішін, сондай-ақ педагогикалық техникасын көтеру.
4. Іс-тәжірибеде оқушылардың жетістігін сараптау үшін қазіргі тәсілдерін зерттеу және қолдану. Өздігінен білімін көтеру, шығармашылық қызметте іскерлік таныту және қызығушылығын дамыту.
5. Тұрақты кәсіптік құндылықтар мен көзқарастарды қалыптастыру.

«Бастауыш оқытушылар мектебінің» құрамы

Бастауыш оқытушылар мектебінің құрамына орта кәсіптік оқу орындарындағы 3-жылдық еңбек өтілі жоқ оқытушылар кіреді. Мектептің жұмысын ұйымдастырады және жүргізеді: колледждің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі және шақырылған тәжірибелі оқытушылар.

Бастауыш оқытушылар мектебінің бірінші сатысына жоғары оқу орнының түлектері, еңбек өтілі жоқ оқытушылар кіреді.

Екінші сатысына орта-кәсіптік оқу орнында 1 жылдық еңбек өтілі бар оқытушылар кіреді.

Үшінші сатыға орта-кәсіптік оқу орнында 2 жылдық еңбек өтілі бар оқытушылар кіреді. Бұл сатыға кіретін оқытушылар жас оқытушылардың мектебінің жалпы отырысында педагогикалық және психологиялық бағытта шығармашылық тұрғыда атқарған жұмыстарын қорғайды.

«Бастауыш оқытушылар мектебінің» жұмысының мазмұны

1. Бастауыш оқытушылардың мектебінің сабағында қарастырылады:
 - 1.1. Колледждің оқу қызметіндегі регламент ережесі;


- 1.2. Оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен түрлері;
- 1.3. Әр түрлі сабақ тәсілдері;
- 1.4. Тәжірибелі оқытушылар және жаңашыл-педагогтың тәжірибесі;
12. Сабақ өткізу бойынша талдау жүргізіледі және нұсқау беріледі.
13. Сабақ берудегі үш бірдей міндетін, сабақ түрі, құрал-жабдықтарды көрсете отырып, сабақ жоспарын және сабақ көспектісін қолданудың сабақ берудің дұрыс әдісін тандап алу үшін іскерлігін қалыптастырады.
14. Оқу - педагогикалық құжаттарды: журнал, күнтізбелік жоспарды, есеп беру және т.б. жасауда дағдылары өнделеді.
15. Жазбаша және ауызша емтиханмен аралық бақылауға арналған тест сұрақтары мен билет сұрақтарын дұрыс жасау тәртібі қадағаланады.
16. Аттестаттау мен қорытынды баға қою мәселесі қарастырылады.
17. Пән бойынша сайыстар, конференциялар, олимпиадалар және т.б. өткізуді ұйымдастыру оқытылады.
18. Оқыту құралы мен таратпа материалдарды жасаудың жоспары әзірленеді.
19. Оқытуда күшті, әлсіз және үлгермейтін оқушылармен сараланған тәсіл мәселелері оқытылады. Сабақ барысында оқушылармен жеке жұмыс жүргізу.
20. Сабақ беруде стандартты емес тәсілдерді іздеу ұйымдастырылады.

«Бастауыш оқытушылар мектебін» жүргізу тәртібі

1. «Бастауыш оқытушылар мектебінің» жұмысы оқу жылына арналып әзірленіп, колледж директорының бекітілген жоспары бойынша жүргізіледі.
2. «Бастауыш оқытушылар мектебіне» жаңадан келген оқытушылар міндетті түрде қатысу керек, оның барлық жұмыстарында белсенділік танытып, әдіскердің айтқан барлық тапсырмаларын уақытында орындау керек.
3. Сабақта әдіскердің, тәжірибелі оқытушылардың сөзі мен баяндамалары нұсқаулыққа алынады және шешім шығарылмайды.
4. «Бастауыш оқытушылар мектебінің» материалдары әдістемелік кабинетке өткізіледі.
5. Мектепті бітіргеннен кейін оқу жылының соңындағы педагогикалық кеңесте куәлік беріледі.

Ережені құрастырғандар:

Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары:



Молдағалиева М.Т.

Колледж әдіскері



Куандыкова А.Б.